

## Нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу туралы қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 19 тамыздағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 тамызда № 8628 тіркелді.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ереженің 14-тармағының 170) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 26.09.2024 № 785 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу туралы қағидасы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасына жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Имашев*

"Келісілді"

Республикалық нотариаттық

палатаның төрайымы

2013 жылғы \_\_ тамыз

\_\_\_\_\_ Ә.Б. Жанәбілова

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2013 жылғы 19 тамыздағы  
№ 275 бұйрығымен бекітілген

## Нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу туралы қағидасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1440 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеудің (бұдан әрі – Қағидалар) қағидасы "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ереженің 14-тармағының 170) тармақшасына сәйкес әзірленді және нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеудің тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 26.09.2024 № 785 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Тағылымдамадан өтушілер кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар жеке практикамен айналысатын нотариустерде немесе мемлекеттік нотариустерде тағылымдамадан өтеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1440 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам аумақтық нотариаттық палатамен тағылымдамадан өту туралы шарт жасасады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1440 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Нотариуста тағылымдамадан өтушілер тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1440 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жекеше нотариуста тағылымдамадан өтуі үшін ақы мөлшері тағылымдамадан өткен әрбір ай үшін есеп айырысу жүргізілген күні белгіленген он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде болады.

Мемлекеттік нотариуста тағылымдамадан өту ақысыз негізде жүзеге асырылады.

5. Тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу ай сайын, ақы төленуге жататын тағылымдамадан өтудің алдындағы айдың бірінші күнінен кешіктірілмей жүргізіледі және тағылымдамадан өту туралы шарт жасалғаннан кейін тікелей жүзеге асырылады.

6. Тағылымдамадан өту мерзімі кемінде бір жылды құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1440 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Алып тасталды – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1440 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ақы төлеу фактісі нотариаттық палатаның бухгалтериясы берген тиісті қаржылық құжаттармен, не банктің төлем құжатымен расталады.

9. Тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өту үшін ақыны уақтылы төлемеген жағдайда, аумақтық нотариаттық палата тағылымдамадан өту туралы шартты бұзады.

### **3. Қорытынды ережелер**

10. Осы Қағидамен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және аумақтық нотариаттық палатаның Жарғысымен шешіледі.